

6D010300–«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Байсултанова Сая Чарипкановнаның «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі уақытта, еліміздің озық отыз елдің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы, әлемнің білім беру кеңістігіне енуіне және нарықтық талаптарға байланысты кәсіби іс-әрекетте өзінің ана тілінде және шет тілінде қарым-қатынас жасай алатын көпқырлы интеллектуалды, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік-тұлғалық қасиеттері дамыған құзырлы педагогтер даярлау міндеттері алға қойылған. Ал бұл болса, жоғары оқу орындарының көпдеңгейлі сатысында сапалы да бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың мәселесін зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Осы тұста магистранттарды кәсіби даярлау сапасын жақсартуды, соның ішінде көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытуға мән беріліп отырғаны белгілі. Алайда, қазіргі уақытта көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың сапалы даярлау мен оның кәсіби-тұлғалық өсуін жүзеге асыруды қажет етеді. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған педагогика саласындағы магистрге қоғамның сұранысы мен оның зерттелу деңгейлері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден*. *Екіншіден*, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындала қоймаған. *Үшіншіден*, көптілді білім берудің магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны жүзеге асыру ғылыми тұрғыдан жеткілікті негізделмеген. *Төртіншіден*, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды жоғары оқу орнынан кейінгі оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемесі керек.

Оның үстіне көптілді білім беру мәселесі жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі негізінде зерделенгенімен, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы тұрғысынан қарастырылмаған және с.с. шешімін табуға тиісті күрделі мәселелер бар.

Осы айтылғандарға сәйкес С.Ч.Байсултанованың ұсынып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

Сая Байсултанова *зерттеу барысында* көптілді білім беру, білім алушының кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саласының нормативті-құқықтық құжаттарымен, білім алушылар тұлғасын дамыту тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерді талдау; іс-әрекет нәтижесінде кәсіби-тұлғалық сапаларына салыстырмалы талдау жасау; сауалнама, тестілеу жүргізу, диагностикалық әдістемелер қолдану, статистикалық өңдеу әдістері мен

тәсілдері, әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- зерттеу проблемасының теориялық негіздерін айқындау барысында «көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарын нақтылап, көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негіздеген;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұнын анықтаған;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың моделін жасаған, аталған дамуды айқындайтын өлшемдер мен көрсеткіштер оған сәйкес дейгейлерді анықтаған;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесін жасаған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп, пайдалану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеген.


Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

С.Байсултанованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (квартиль-2, процентиль-44), Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша докторант зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Байсултанова Сая Чарипкановна диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Байсултанова Сая Чарипкановнаның «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**



Әбдігапбарова Ұ.М.